Particular attention is paid by the authors to local rule-making as the main level of application of the «Well-being» concept in educational organizations, in connection with which, the article raises questions about the consolidation of labor rights and obligations in collective agreements and agreements, labor regulations; ensuring mechanisms for caring for the well-being of employees in all areas of the personnel management system.

According to the authors of the study, the development of legal mechanisms for the introduction of the concept of «Well-being» into corporate culture will bring labor relations to a new level, allowing for effective interaction of teaching staff, employers, government agencies and organizations, which ultimately has a positive impact on the quality of educational services provided. The obtained research results can be used to improve the system of corporate personnel management in educational institutions in accordance with the modern needs of the labor market.

**Key words:** well-being, employee welfare, employee rights, organization of education, corporate culture, researcher, teacher.

DOI: 10.52026/27885291\_2023\_75\_4\_80

### Кіріспе

Білім саласындағы реформалар, оның аясында қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялар, жоспарлар және тұтастай алғанда мемлекеттік саясат білім беру жүйесін, ғылыми және педагог қызметінің беделін арттыруға, педагогтың мәртебесін көтеру мен еңбекақыны тұрақты арттыруға бағытталып келеді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы алға қойылған белгілі бір мақсаттарға қол

жеткізуге ықпал етеді, алайда, осы мамандықтың жоғары талаптарына жауап беретін сапалы оқытушылар мен педагог кадрлардың жетіспеушілік мәселелесін шеше алмай отыр.

Білім саласындағы қызметкерлердің әл-ауқатын құрайтын көптеген факторлар қарастырылмайды немесе жұмыс берушілер тарапынан тиісті назарға ие болмай қалатыны дәлелдеуді талап етпейді, дегенмен ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің оқу орнының өзіндік «бурлақтары» болып

табылатындығы, ал олардың әл-ауқаты тікелей нәтижеге, сапаға, мотивацияға және тұтастай алғанда «баржа» қозғалысының сәтті болуына тікелей әсер ететіні сөзсіз.

«Well-being» тұжырымдамасының тәсілдерін қолдану – бұл ғылыми және педагог қызметкерлердің әл-ауқаты үшін прогрессивті қадам, ол тек лайықты деңгейде материалдық ынталандыру ғана емес, сонымен қатар жұмысшылардың өздері өз әлеуетін барынша арттыруға және соның нәтижесінде жалпы білім беру жүйесінің дамуын ынталандыруға мүмкіндік беретін жағдайларды жасау және қолдану. Әл-ауқат (физикалық, психологиялық, эмоционалдық және ментальды денсаулық) бұл «well-being» тұжырымдамасының негізгі факторлары және ғылыми, педагог кадрлардың ғана емес, білім алушылардың да әлеуетін барынша іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі шарт.

Бұл тәсіл негізінен коммерциялық, бизнес саласында қолданылады, бірақ біздің пікірімізше оны отандық білім беру жүйесіне бейімдеуге және енгізуге ешқандай кедергілер жоқ.

Мақаладағы қойылған мақсат нақты аудиторияның (ғылыми және педагог қызметкерлер) әл-ауқатына әсер ететін компоненттерді зерттеу, жетіспейтін элементтерді анықтау арқылы жасалынған қорытынды негізінде «well-being» көзқарасының құқықтық механизмдерін ұсыну.

Қазақстан Республикасында алғаш рет «well-being» тұжырымдамасы көздейтін тәсілдердің тиімділігін дәлелдеуге, оның құқықтық негізделуіне, жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге ғылыми талпыныс жасағымыз келеді. Нәтижесі педагогтар, ғалымдар мен оқытушылардың әл-ауқатына әсер ете отырып, қызметкерлер үшін қолайлы жағдай жасалуы және еңбек нарығындағы бәсеке-лестікте артықшылық беретін тәсіл ұсыну түріндегі инвестиция болуы мүмкін.

### Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастарын немесе білім беру қызметін реттейтін заңнамалық база, шет елдердегі пайдаланылып жүрген «well being» тұжырымдамалары мен бағдарламалары қолданылды.

Мақаланы әзірлеу барысында теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолда-

нылды. Теориялық зерттеулерден басқа, мақалада модельдеу, салыстыру және болжау әдістерін қолдану арқылы зерттелген объектіні тәжірибеде жүзеге асырудың болжамдары жасалынды.

### Талқылау мен нәтижелер

Chartered Institute of Personnel Development (CIPD) - well-being тұжырымдамасына «қызметкердің өркендеуіне, өзінің және ұйымының игілігі үшін өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін қанағаттану ортасын құру» деген анықтама береді<sup>2</sup>. Осы «тиісті ортаны құру» еңбек жағдайларын зерделеу барысында ғылыми және педагог кадрлардың жұмысқа деген көзқарасына, тұтастай алғанда олардың жағдайына байланысты бірқатар мәселелер анықталуда, олар:

1) Сала қызметкерлерінің әлеуметтік және кәсіби әл-ауқатының нашарлауы. Кәсіптік, әлеуметтік әл-ауқатына және маман ретінде қоғамдық беделіне төмен қанағаттанушылық бар.

2) Жоғары жүктеме, эмоционалды күйіп кету, пандемия кезінде еңбек қызметін құқықтық реттеудің болмауы және соның салдарынан құлдырау мен пессимистік көңіл-күйдің орын алуы.

3) Нормативтік тыйымдарға қарамастан өзіне тән емес қызметке тарту.

Аталған мәселелердің орын алуына түрткі болып отырған себептерінің бірі - жұмысшылар үшін денсаулық пен әл-ауқат бағдарламаларының болмауы деп санаймыз.

Мақаланың идеясы да осы мәселерді талқылау барысында туындады, ол идея - әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелеріндегі ғылыми және педагог қызметкерлердің әл-ауқатын басқару құралы ретінде «well-being» тұжырымдамасының құқықтық негіздерін әзірлеуден тұрады.

«Well-being» тұжырымдамасы жаңа және трендтік құбылыс, соған қарамастан қазірдің өзінде танымал болып, әлемде кеңінен қолданыла бастады және өзінің тиімділігін көрсетуде. Бұл тәсіл негізінен коммерциялық, бизнес саласында қолданылады, бірақ біздің пікірімізше оны отандық білім беру жүйесіне бейімдеуге және енгізуге ешқандай кедергілер жоқ, керісінше, сала қызметкерлерінің мәртебесін көтеру мен жағдай жасауға арналған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру процесінде пайдалы болуы тиіс. Аталған тәсілді қолданған кезде қызметкер өз жағдайына

<sup>2</sup> *Культура Well-being: зачем и как управлять благополучием сотрудников. Сайт компании «PeopleForce». – [Электронды ресурс] - Айналыс режимі: <https://peopleforce.io/ru/blog/kultura-well-being-zachem-i-kak-upravlyat-blagopoluchiem-sotrudnikov/> (жүзінген күні: 25.01.2023).*

қанағаттанған күйде болып, психологиялық тұрақты және мотивациялы болады, бұл оның үздіксіз білім алуына, жұмысына жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

Финляндия мен Эстония мемлекеттерінің мектеп ұжымдарында жүргізілген зерттеулердің бірінде авторлар кәсіби әл-ауқат төрт аспектіден тұрады деп қабылдаған, олар:

- 1) қызметкер және жұмыс;
- 2) еңбек жағдайлары;
- 3) кәсіби құзыреттілік;
- 4) жұмыс ұжымы.

Бұл аспектілер кәсіби әл-ауқат контекстіндегі ресурстық және стресстік факторлар көлемі негізінде қарастырылған. Ресурс стресс факторларымен теңескен немесе жоғары болса, онда жекелеген қызметкерлер ұжымда өздерін ыңғайлы сезініп, қосымша мүмкіндіктерін көрсете бастаған, орын алған қолайлы жағдай оның әл-ауқаты мен денсаулығына жағымды әсер еткенін атаған. Сұраулар мен жинақталған ақпараттар мектептердің ұжымдарында талқыланып, арнайы жұмыс тобы құрылып атқарылуы тиіс іс шаралар тізбегі құрастырылған. Жұмыс тобының құрамына мектеп басшылығымен қатар қарапайым мұғалімдер де кірген. Мұның барлығы мектептердің ішкі номативті құжаттарымен бекітіліп отырған [1, 13-14-б.]

Зерттеулер көрсеткендей сала қызметкерлерінің басым көпшілігін жұмыс жүктемесімен қатар жұмыс жағдайлары да көп алаңдататыны анықталған. Мысалы, көпшілік білім саласының қызметкерлерін ұжымдағы атмосфера, жұмыс кабинетінің, үстелінің ыңғайлы орналасуы, жұмысқа қажет техникалық құралдарға қол жетімділігі, жұмысының қоғаммен, басшылықпен және әріптестерімен бағалануына байланысты сұрақтар алаңдатады екен.

Мұғалімдердің денсаулығы мен ұжымдағы жақсы қарым-қатынас және әкімшілік қолдау мектеп жұмысшылары ортасындағы ресурстық факторлардың жағымды мысалдары болып табылады. Қызметкерлердің жақсы кәсіби құзыреттілігі және осыған байланысты одан әрі даму мүмкіндігі де жұмыс үшін ресурстар жасайды. Ал мұндағы жұмыс жүктемесінің факторлары жұмыс сипаттамасы мен жұмыс ортасы әсер ететін психикалық және физикалық факторларға жатады. Ақылға қонымды жұмыс жүктемесі, сондай-ақ жеткілікті жұмыс

бақылауымен бірге барабар жұмыс талаптары кәсіби әл-ауқаттың оң және қажетті элементі болып табылады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, кәсіби әл-ауқатты арттыру кезінде жұмысшылардың жұмыс жүктемесіне, сондай-ақ жұмыс атмосферасына және өзгелермен еңбектерінің бағалануына ерекше назар аудару керек деген қорытынды жасалынған. Бұл екі фактор жалпы ұжымының әл-ауқатына да, жұмысшының субъективті кәсіби әл-ауқатына да жағымды әсер еткен [2, 250-251-б.].

Жоғарыда көрсетілген үлгілер бұл тәсілдің білім жүйесінде қолданылуын қарастырады. Өзге салалар бойынша қарастыратын болсақ, әр түрлі салаларда мұндай тәсілді енгізудің сәтті мысалдары жеткілікті және қолданылатын бағдарламалардың түрлері де көп. «Lifeaddwiser» компаниясының негізін қалаушы және CEO Ваагн Манукянның пікірінше жұмысшылардың әл-ауқатын көтеру жұмыстары кешенді түрде болуы тиіс. Бірнеше мәселені ғана шешумен әл-ауқаттың жоғарылауына қол жеткізу қиын. Сондықтан құрастырылған бағдарлама кейсі нақты компания ұжымына бейімделіп, ондағы бар мәселелерді зерттеу негізінде құрастырылуы тиіс. Мысалы JTI компаниясының «Кресс-Нева» фабрикаларының біріндегі кейс: Гэллап Институтының тәсілін қолдана отырып, олар 4 компоненттен тұратын ішкі бағдарламаны жасаған, олар: денсаулық, мансап, қаржы, әлеуметтік қатынастар. Осы бағдарламаның нәтижесінде жиі ауыратындардың саны 70% - ға төмендеген, корпоративтік бағдарламаларға қатысушылардың саны 4 есе, қайырымдылық акцияларына қатысушылардың саны 2 есеге өскен.

Тағы бір мысал. Сәл кішірек тәсілді қолданатын «Schneider Electric» компаниясында «well being» бағдарламасының қорытындысы бойынша қызметкерлердің белсенділігі артып, кадрлардың кету көрсеткіші төмендеген. Компанияда бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде қызметкерлерді белсенділік индексі 67% - дан 81% - ға дейін өсіп, соңғы үш жылда тұрақты жоғары болып қала берген. Сондай-ақ, соңғы жылдары кадрлардың кетуі 6% - ға төмендеген, аурухана парақтарының саны 6% - ға, ал дәрігерлерге жүгіну 7% - ға қысқарған<sup>3</sup>.

Әдебиеттерді теориялық талдау жасалынды, анықтағанымыз «Well-being» тұжырымдамасына қатысты ғылыми жү-

<sup>3</sup> Измеряем благополучие с Lifeaddwiser. Сайт HR-агентство «Апостроф-Медиа». – [Электронды ресурс] - Айналыс режими: <http://apostrof-media.com/blog/wellbeing/izmeryaem-blagopoluchie-s-lifeaddwiser-120.html> (жүзінген күні: 27.01.2023)

мыстардың барлығы еңбек қатынастары саласындағы әл-ауқатты қамтамасыз ету жүйесіне сөзсіз үлес қосады, алайда олар бұл құбылысты психология, медицина және т.б. тұрғысынан қарастырады [3, 4, 5, 6, 7]. Осыған байланысты біз осы механизмді құқықтық имплементациялау тұрғысынан және нақты мақсатты аудиторияға қарастыруды жөн көрдік.

Мемлекетіміздің қазіргі даму кезеңінде маңызды бағыт ретінде әлеуметтік бағытталған мемлекеттік және өңірлік саясаттың жүргізілуі байқалады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасы әзірленуде<sup>4</sup>, ол біздің қоғамдағы әлеуметтік қорғау қажеттіліктерінің дәлелі деуге болады, ал әлеуметтік қорғаудың негізі - қолдау үшін жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды іске асыруды қамтитын көп қырлы құбылыс ретінде әл-ауқат, оның құрамы азаматтардың физикалық, психологиялық (эмоционалдық), ментальді денсаулықтарын қамтиды.

Еліміздегі ғылыми және педагог қызметкерлердің қызметін атқарудағы мәселелердің әлі де жеткілікті екені белгілі. Олардың қатарына жұмыс берушілердің өз жұмысшыларына деген қолдаудың жеткіліксіз болуын, сала қызметкерлерінің кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартылуының әлі де жалғасуын, материалдық-техникалық қамтамасыз етілудің барлық жерде жеткілікті деңгейде болмауын, жұмыс ұжымындағы моральдық-психологиялық жай-күйдің ескерілмеуін, еліміздегі экономикалық тұрақсыздықтан (тұрақсыз баға жағдайы, тұрғын үй мен әлеуметтік мәселелер) туындайтын мәселелерді және т. б. жатқызуға болады.

Сонымен, еліміздің білім жүйесіне «Well-being» тұжырымдамасын енгізуді құқықтық қамтамасыз ету қалай жүзеге аспақ? Аталған тұжырымдама тәсілдерін қолдануға мүмкіндік беретін заңнаманы бейімдеу қалай жүруі мүмкін?

Ол үшін үш бағытта жұмыстар жүргізілуі тиіс деп санаймыз, олар:

1 бағыт. Мемлекеттік деңгейдегі заңнаманы жетілдіру. Ғылыми және педагог қызметкерлердің қызметін реттейтін мемлекеттік заңнамаға «Well-being» тәсілін енгізуге мүмкіндік беретін өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажет.

Сала өкілдерінің қызметін реттейтін негізгі заңдар ретінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңын, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңын, «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңын атауға болады.

Бірден айта кеткіміз келіп отырғаны, біріншіден, аталған тәсіл тәжірибе көрсеткендей жергілікті немесе ұжымдық нормаларды өзгерту немесе қабылдау арқылы жүзеге асырылады, яғни негізгі өзгеріс сол деңгейде қабылдануы тиіс, екіншіден, жалпы алғанда, мемлекеттік деңгейдегі аталған сала қызметкерлерінің қызметін реттейтін нормативтік актілерде «Well-being» тұжырымдамасын енгізуге кедергі болуы мүмкін нормалар жоқ. Керісінше, еңбек қатынастарын реттейтін заңнамада болсын<sup>5</sup>, нақты білім беру қызметін реттейтін заңдарда<sup>6,7,8</sup> да сала қызметкерлерінің әл-ауқатын көтеруге бағыттайтын нормалар бар. Сондықтан бұл бағыттағы қызмет заңнаманы жетілдіруде ауқымды өзгерістерді қажет етпейді, тек кейбір нормаларды қайта қарау немесе жетілдіру қажет болуы мүмкін.

Мәселен, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңының 6 бабы педагог қызметкерлерге кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға тыйым салады. Мұндай норма «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңының 51 бабында жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асы-

<sup>4</sup> Ақмарал Ағзамқызы. Қазақстанда Әлеуметтік кодекс тұжырымдамасы әзірленуде. «EGEMEN QAZAQSTAN» желілік басылымы – [Электронды ресурс] - Айналыс режими: <https://egemen.kz/article/273568-qazaqstanda-aleumettik-kodeks-tudgyrutdamasy-azirlenude> (жүзінген күні: 28.01.2023).

<sup>5</sup> «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (жүзінген күні: 12.02.2023).

<sup>6</sup> «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (жүзінген күні: 21.02.2023).

<sup>7</sup> «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293> (жүзінген күні: 21.02.2023).

<sup>8</sup> «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (жүзінген күні: 21.02.2023).

ратын педагогтерге қатысты да бекітілген, оларды да өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол беруге болмайды. Алайда, осы заңдарда аталынып отырған кәсіптік қызметтердің нақты тізімі жоқ. Яғни, білім беру орнындағы қандай қызмет бағыттары нақты білім беруші маманның міндетіне жататыны анықталмаған. Білім беру мен тәрбие жұмыстарынан бөлек педагогтарды білім беру ұйымдарындағы ұйымдастырушылық, есеп өткізу, статистика жүргізу секілді жұмыстармен айналысу жиі кездесіп тұрады. Эдвайзерлік, кураторлық тәрбие жұмыстарын жүргізуге байланысты жоғары оқу орындарындағы жүктемелер де білім беруші мамандар үшін артық жұмыс түрлері деп санаймыз. Сондықтан да, осы баптардағы кәсіптік қызметтерге қатысты маманның міндетіне жататын жүктемені нақтылау түріндегі нормаларды жетілдіру немесе толықтырулар қажет болып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне ұйымдардағы штаттық психолог (ұйымда 50-ден астам қызметкер болса) лауазымын қайтадан енгізу, «Педагог мәртебесі туралы» және «Білім туралы» заңдарда оқу жүктемесін реттеу кезінде «Well-being» тұжырымдамасын енгізу барысында болуы мүмкін «шығармашылық күн», «өз-өзімен жұмыс» күндерін енгізуге білім беру ұйымдарында еркіндік беретін өзгерістер енгізілуі қажет.

Тағы бір қажет өзгеріс өз жұмысшыларының әл-ауқатын көтеруге бағытталған қызметті ұйымдастырудан білім беру ұйымдары арасындағы мемлекеттік рейтингтің жүргізілуін, ол қызметті табысты ұйымдастырған ұйымдарды көтермелеу жолдарын қарастыратын нормалардың қабылдануы да қажет деп санаймыз. Мұндай норма Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында болуы тиіс.

Біздің пікірімізше, мұндай тәсілдердің енгізілуі қажет болғанымен, олар міндеттеу түрінде болмауын да ескерген жөн. Сала қызметін реттейтін еліміздегі негізгі заңдар мұндай тәсілдерді қолдану еркіндігін білім беру ұйымдарының өзіне қалдыруы керек. Бұл жерде негізгі заңдардың міндеті - «Well-being» тәсілін енгізуге мүмкіндік беру және мұндай саясат ұстанатын білім беру ұйымдарын көтермелеу мүмкіндіктерін қарастыру болуы тиіс.

2 бағыт. Жергілікті немесе ұжымдық нормативтік актілерді өзгерту немесе жаңасын әзірлеу, қабылдау. Ұжымдық шарттарға, келісімдерге, ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне және белгілі бір жалдаушының еңбек және онымен байланысты қатынастарын реттейтін жергілікті құжаттарына «Well-being» тұжырымдамасын енгізуге мүмкіндік беретін өзгерістер енгізу немесе жаңасын қабылдау.

Ең ауқымды атқарылуы қажет жұмыс көлемі осы бағытта жүруі тиіс. Өлемдегі тәжірибелерге үңілсек «Well-being» тұжырымдамасын қолдануды құқықтық қамтамасыз ету ұйымдардағы ішкі ұжымдық нормативтік актілермен, ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен жүзеге асырылады.

Ең маңыздысы, «Well-being» тұжырымдамасын енгізуді көздейтін бағдарламаның білім беру мекемесінің өзінде қабылдануы болып табылады. Енгізілуі тиіс бағдарламаның нақты білім беру мекемесіне бейімделіп құрастырылуы негізгі талаптардың бірі, ол оның нақты сол ұжымда тиімді қолданылуына тікелей әсер ететін болады. Ондай бағдарламаларды құрастырумен айналысатын арнайы компаниялар да бар. Корпоративтік әл-ауқат бағдарламаларының нарығы жыл сайын өсіп келеді және оның қарқыны төмендейтін емес<sup>9</sup>.

Жоғарыда атап өткеніміздей бағдарламаны қабылдау оқу орнының өзімен жүргізілуі тиіс. Оны қабылдау туралы шешімдер жалпы жиналыстарда, ұжымдық шешім негізінде қабылданғаны дұрыс. Бағдарламаны енгізу жұмыстарына ұйым басшысымен қатар қарапайым қызметкерлер де белсенді араласуын көздейтін механизм ойластырылуы тиіс. Ондай қызметті арнайы құрылған жұмыс тобы атқаруы мүмкін, оның құрамына ұйым басшыларымен қатар оқытушылар немесе мектеп мұғалімдері кіріп, жұмысының қорытындысы жалпы жиналысқа шығарылады.

Бағдарламаның мазмұнында міндеттейтін нормалардың неғұрлым аз болғаны да маңызды деп санаймыз. Қабылданған бағдарлама негізінде атқарылуы тиіс іс шаралар жоспары қабылданып, ұйымның даму стратегиясы бекітілген құжаттарда да өзгерістер мен толықтырулар қарастырылуы мүмкін.

3 бағыт. Білім беру ұйымдарындағы атқарылуы тиіс ұйымдастырушылық-құқықтық жұмыстар. «Well-being» тәсілінің ұжымда жұмыс істеуін ұйымдастыруға қажет

<sup>9</sup> Обзор well-being сервисов. Сайт платформы измерения и развития благополучия «Lifeaddwiser». – [Электронный ресурс] - Айналыс режимі: <https://lifeaddwiser.com/blog/well-being-programmi> (жүзінген күні: 29.01.2023).

құрылымдық бөлімшенің құрылуы (Мысалы: «корпоративтік мәдениет» бөлімі, «қызметкерлердің әл-ауқаты» бөлімі және т.б.) немесе ұйым штатына осы қызметті ұйымдастыратын штаттық бірлікті енгізу қажет болады. Құрылымдық бөлімше үшін оның ережесі бекітіліп, жауапты тұлға болса оның лауазымдық нұсқаулықтары қабылдануы тиіс. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының штатында маман ретінде қызмет түрін атқаратын штаттық бірліктің қосылуы да қажет болуы мүмкін. Мысалы, ол психолог, салауатты өмір салтын дәріптеу қызметін ұйымдастырушы маман, диетолог және т.б. Тиісінше, мұндай мамандардың да қызметін регламенттеу қажет болады.

Тағы бір шет елдік тәжірибеден алуға болатын нәрсе - ұжымда әркімге қол жетімді болатын бағдарламаның қосымшасының болуы. Енгізілген «Well-being» бағдарламасының жұмыс істеуі туралы барлық ақпаратты бере алатын, сондай ақ әркім қалаған бағытында өзіне пайдалы ақпараттар мен кеңестер алуды ыңғайлы ететін қосымшаның пайдасы зор. Қосымша сонымен қатар әртүрлі қызмет көрсету желілеріне де қосылған болуы мүмкін. «Well-being» бағдарламалары әр оқу орны үшін жеке болуы тиіс деп санаймыз, ол оның ішкі процестеріне, байланыс әдістеріне, басқару қызметіне және т.б. ерекшеліктеріне бейімделіп құрастырылуы қажет және оқу орнымен мақұлданған қосымшаның қолдану нұсқаулығының болуы да шарт.

Еңбек қатынастарын немесе білім беру қызметін реттейтін еліміздің заңнамасында біз ұсынып отырған әл-ауқат тәсілін енгізуге кедергілер жоқ. Негізгі қабылдануы тиіс өзгерістер мен толықтырулар әрбір ұйымның ішкі тіртібі мен қызметін реттейтін құжаттарына қатысты. Аталған атқарылуы тиіс ұйымдастырушылық жұмыстардың құқықтық негізі болуы қажет. Құрылуы қажет құрылымдық бөлімшелердің қызметі мен өкілеттіктерін

бекітетін, штаттық лауазымдардың міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайтын, бағдарламаның қосымшасы іске қосылатын болса оның қызметін қамтамасыз ететін ішкі ережелер мен нұсқаулықтар қабылдануы тиіс.

### Қорытынды

«Well-being» тұжырымдамасын корпоративтік мәдениетке енгізу үшін еліміздегі заңнамалық мүмкіндік болуы қажет, мақала барысында талқыланған бағыттардағы жұмыстар атқарылуы міндетті шарт. Ғылыми және педагог қызметкерлердің қызметін реттейтін негізгі заңдардың жетілдірілуі жергілікті немесе ұжымдық нормативтік актілерді қабылдауға мүмкіндік береді, білім беру мекемесінде тұжырымдаманы қабылдауға жол ашады. «Well-being» тұжырымдамасын корпоративтік мәдениетке енгізудің құқықтық тетіктерін әзірлеу: адам ресурстарының сапасын арттыру мақсатында оқу орындары, жұмыс берушілер, мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасында өзара іс-қимыл жасау жағдайларын жасауды болжайды, алынған деректер мен қорытындылар еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес білім беру мекемелерінде персоналды корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру үшін қолданылуы мүмкін.

«Well-being» тұжырымдамасын енгізу сала қызметкерлерінің жай-күйіне мониторинг жүргізуге, қажетті ақпаратты талдауға, инновациялық технологиялармен ашық алмасуға, жаңа тәсілдерді енгізуге, жауапкершілік субъектілерін нақты айқындауға, әрбір құрылымдық бөлімшенің құқықтық жағдайы мен экономикалық тиімділігін ажыратуға және нәтижесінде мәселелерді шешуге жалпы көзқарасты көрсетуге мүмкіндік береді, бұл еңбек нарығының дамуына, ғылыми және педагог қызметкерлердің мәртебесін арттыруға оң әсерін тигізетін болады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Saaranen T., Pertel T., Streimann K., Laine S., Tossavainen K. *Occupational Well-being of School Staff: Experiences and results from an action research project realised in Finland and Estonia in 2009–2014 // Publications of the University of Eastern Finland, 2015. - 13-15 pp.*
2. Terhi Saaranen, Kerttu Tossavainen, Hannele Turunen, Vesa Kiviniemi, Harri Vertio. *Occupational well-being of school staff members: a structural equation model. // Health Education Research. Volume 22, Issue 2, April 2007. - 248–260 pp.*
3. A. Konu, E. Alanen, T. Lintonen, M. Rimpelä. *Factor structure of the School Well-being Model. // Health Education Research. Volume 17, Issue 6, December 2002. - 732–742 pp.*
4. Konu A. I., Lintonen T. P., Autio V. J. *Evaluation of well-being in schools - a multilevel analysis of general subjective well-being. // School Effectiveness and School Improvement. Volume*

13, Issue 2. 2002. - 187-200 pp.

5. Nadine Engels, Antonia Aelterman, Karen Van Petegem, Annemie Schepens. *Factors which influence the well-being of pupils in Flemish secondary schools.* // *Educational studies.* Volume 30, Issue 2. 2004. - 127-143 pp.

6. Taris T. W., Schreurs P. J. G., Van Iersel-Van Silfhout I. J. *Job stress, job strain, and psychological withdrawal among Dutch university staff: Towards a dualprocess model for the effects of occupational stress* // *Work & stress.* Volume 15, Issue 4. 2001. - 283-296 pp.

7. Freude, G., Seibt, R., Pech, E., Ullsperger, P. *Assessment of work ability and vitality - a study of teachers of different age groups* // *International Congress Series.* Volume 1280. 2005. - 270-274 pp.

